

Жоба

**«САРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

**КӘСІПТІК ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ РЕСУРСТЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ**

БЕКІТІЛДІ:

Басқарма мүшесі - академиялық
мәселелер жөніндегі проректор
_____ Н.Б. Алимбекова
«_____» _____ 2024 г.

КЕЛІСІЛДІ:

КДжБАРО директоры
_____ Б.К. Исебаева
«_____» _____ 2024 г.

**ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ БІЛІМ
БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Курстың атауы: «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мектепке
дейінгі тәрбиелеу және оқыту бойынша педагогтердің кәсіби
құзыреттілігін дамыту» курс бойынша

Тыңдаушылар санаты: мектепке дейінгі білім беру мекемелері,
психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі, психологиялық-
педагогикалық түзеу кабинеті, оңалту орталығы педагогтері (дефектолог
(олигофренопедагог), сурдопедагог, тифлопедагог, логопед, ерте қолдау
педагогі, тәрбиеші).

Сағат саны: 72 с.

Өскемен, 2024 ж.

Бағдарламаны құрастырушылар:

Байчинов Рауан Төлеуханович

Алипова Алима Кабдульашимовна

Рецензенттер:

Арнханова Р.М.

Ауренова М.Д.

Бағдарлама Академиялық кеңестің отырысында бекітілген КЕАҚ
«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті»
Хаттама № _____ 2024 ж.

1. Жалпы ережелер

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) келесідегідей ережелер мен талаптарды ескере отырып әзірленді:

– «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (01.01.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);

– «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы;

– «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы;

– «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы;

– «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы;

– «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы, 6-қосымша.

Біліктілікті арттыру курстары білім беру бағдарламасының өзектілігі мынада: бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бойынша педагогикалық қызметке теориялық және практикалық дайындықты қамтиды. Атап айтқанда, алғашқы қадамдардан бастап алған білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана, сондай-ақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмысты дұрыс жоспарлауға мүмкіндік береді. Бұл мәселелерді терең зерттеу үшін ерекше білім алу қажеттіліктері бар мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке басына, ұйымдастырылатын жұмысқа психологиялық-педагогикалық талдау қажет. Осыған орай, бұл курста нақты білім жүйесі ұсынылып отыр.

Біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы енгізуге арналған.

Курстық оқытудың жалпы көлемі 72 сағатты құрайды.

1. Глоссарий

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) – тиісті деңгейдегі білім алуда: даму ерекшеліктерінің; мінез-құлық және эмоционалдық проблемалардың; қоршаған орта факторларының (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени) салдарынан тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болған адамдар (балалар).

Ерекше білім беру қажеттіліктері – бұл ерекше қабілеттерден немесе туа біткен немесе жүре пайда болған бұзылулардан, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторларынан туындайтын оқу процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттілік.

Арнайы психологиялық-педагогикалық көмек – педагогтар мен мамандардың жүйелі ұйымдастырылған қызметі, оның барысында баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады.

Білім алу үшін арнаулы жағдайлар – ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау.

Тәрбие – балаға екі жақта әсер ететін процесс: 1) адамгершілік нормаларды меңгерту; 2) тәртіп пен мінез – құлықтың тәжірибесін жинақтау.

Оқыту – белгілі жоспар мен бағдарлама бойынша жүйелі түрде балаларға қарапайым білім беру икемділігі мен жағымды әдет-дағдыларын қалыптастыру, олардың танымдық қабілетін, қызығушылығын дамыту.

Педагог – педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

Құзыреттілік – лауазымды тұлғаның жеке мүмкіндіктері, оның белгілі бір шешімдер шеңберін әзірлеуге қатысуға немесе белгілі бір білім мен дағдылардың арқасында мәселелерді өзі шешуге мүмкіндік беретін біліктілік (білім мен тәжірибе).

Педагогтің кәсіби құзыреттілігі – педагогикалық қызметке теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі.

2. Бағдарлама тематикасы

Педагог қызметкерлерді оқыту бағдарламасының тақырыбы: «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» (әрі - бағдарлама).

3. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: тыңдаушыларда әртүрлі білім беру мекемелерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға, оларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге қажетті кәсіби құзыреттілікті, білімді және дағдыларды (әдіснамалық, технологиялық және әдістемелік) арттыру.

Негізгі міндеттері:

- курсанттарды «арнайы білім беру» ұғымының заманауи түсіндірмесімен таныстыру;
- арнайы білім беру саласындағы халықаралық және отандық нормативтік-құқықтық базаға талдау жасау;
- арнайы білім беруді дамыту шеңберінде мектепке дейінгі мекеменің тәрбиелеу және оқыту процесі мүшелерінің (әкімшіліктің, арнайы мамандарының, педагогтардың) функциясымен таныстыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері және оларды арнайы білім беру жағдайында қанағаттандыру шарттары туралы түсініктерді жүйелеу;
- мектепке дейінгі арнайы мекеме жағдайында балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау бағдарламасымен таныстыру;
- педагогтер пайдалануы тиіс балалардың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін кешенді зерттеу әдістемесін зерделеу;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда заманауи технологияларды қолдану мүмкіндіктерін талқылау.

Күтілетін нәтиже:

Оқу нәтижесінде курс тыңдаушыларында **құзыреттіліктер** қалыптастырылуы тиіс:

- интегралдық:

арнайы білім берудің философиясы мен әдіснамасын *білу*; балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін түсіндіруде және мектепке дейінгі мекемеде балаларды қолдаудың негізгі бағыттарын анықтаудағы әлеуметтік - педагогикалық модель;

даму ерекшеліктерін кешенді зерттеу әдістерін меңгеру және баланың мүмкіндіктері, жұмыстың жеке дамыту бағдарламаларын жасау технологиялары, баламен жеке және топтық сабақ *өткізу* әдістемесі;

- дифференциалдық:

халықаралық және отандық нормативтік база ережелерінің негіздерін; мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуге енгізілген ЕББҚ бар балалардың

ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау мен анықтауға командалық көзқарас алгоритмін; арнайы психологиялық-педагогикалық көмек құжаттамасын *білу*;

баланың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін кешенді зерттеу әдістерін, жұмыстың жеке даму бағдарламаларын жасау технологияларын, балалармен жеке және топтық сабақ өткізу әдістемелерін *қолдана білу*.

- **тұлғалық:** *білу*: арнайы білім берудегі қатынастардың құндылықтары мен этикалық нормалары;

кәсіби өзін-өзі анықтау мен тәуелсіздіктің жоғары деңгейіне, әлеуметтік белсенділікке, өз жұмысының нәтижелері үшін кәсіби жауапкершілік сезіміне *ие болу*;

ПМПК қорытындысымен баланың мектепке дейінгі мекемеде ерекше білім беру қажеттіліктерін диагностикалау және арнайы психологиялық-педагогикалық көмек бағыттарын айқындау дағдыларын *қалыптастыру*;

баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес ЕББҚ бар баламен жұмыс жүргізу әдістерін *меңгеру*.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Тыңдаушыда белгіленген мақсат пен міндеттерге сәйкес келетін кәсіби білімді, дағдыларды қалыптастыру үшін Бағдарлама 5 модульді игеруді және курстық жобаны қорғауды қарастырады.

Бағдарламада сондай-ақ жергілікті, өңірлік, ұлттық және халықаралық еңбек өмірінің қажеттіліктеріне сәйкес білікті мамандарды даярлаудың оқу бағдарламаларының халықаралық тәжірибесін зерделеу көзделген. Зерттелген тәжірибе мұғалімге курстық оқыту процесінде жасалған оқу материалдарын өз тәжірибесінде және жұмыс орнында әзірлеуге және пайдалануға мүмкіндік береді.

Педагогтарды оқыту кәсіптік білім беру үшін педагогикалық шешімдерді, еуропалық тәсілдерді, білім алушыларға бағдарлауды, еңбек өміріндегі ынтымақтастықты және практикалық мысалдарды қамтиды.

Біліктілікті арттыру курстарында тыңдаушыларға өздерінің педагогикалық қызметінде пайдалану үшін жұмыс әдістері мен практикадан мысалдар ұсынылады.

Курстық оқытудың жалпы көлемі 72 академиялық сағатты құрайды.

135 сағаттық курстық оқу кезінде оқу ұзақтығы 2 айды құрайды. Бұл ретте Теориялық оқыту 66 сағаттан, тыңдаушының өзіндік жұмысы (жұмыс орнындағы практика) – 63 сағаттан, курстық жобаны дайындау және қорғау – 6 сағаттан тұрады.

72 сағаттық курстық оқу кезінде оқу ұзақтығы 1 айды құрайды. Бұл ретте Теориялық оқыту 30 сағаттан, тыңдаушының өзіндік жұмысы (жұмыс орнындағы практика) – 36 сағаттан, курстық жобаны дайындау және қорғау – 6 сағаттан тұрады.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары режимде ұйымдастырылады:

1) күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес күндізгі оқу (бұдан әрі – ОТЖ).

Күндізгі курстардың ұзақтығы-72 сағат (1 академиялық сағат – 45 минут). Күндізгі бір апталық курстарды ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағат саны екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізудің тақырыптары мен нысаны өзгеріссіз қалады;

2) бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес аралас оқыту режимінде курстың оқу - тақырыптық жоспарына сәйкес аралас оқыту және оқытудың үш кезеңін қамтиды: күндізгі – 16 сағат, қашықтықтан - 8 сағат, дербес – 48 сағат (1 академиялық сағат-45 минут). Күндізгі оқу курстың бірінші және соңғы күнінде өткізіледі.

Оқу процесі оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтар мен жұптардағы практикалық жұмыс, топтық тренинг, мастер-класс, конференция, дөңгелек үстел, кейс әдісі, сұрақтарды бірлесіп шешу, сонымен қатар онлайн форум, онлайн кеңес беру және аралас оқыту режимінде курс үшін тыңдаушының өзін-өзі оқытуы.

Мұғалімдердің Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін: топтарда жұмысты кеңінен қолдану, содан кейін талқылау және рефлексия; құжаттамамен жұмыс; шағын топтардағы теория мен практиканың негізгі мәселелерін талқылау, содан кейін ұжымдық жұмыстарды ұсыну қарастырылған.

6.1 Бағдарлама жоспары

П/п	Модульдер бойынша оқу сабақтарының түрлері	Сағат саны	Ескерту
1	Дәрістер	44	
2	Практикалық сабақтар	16	
3	Тыңдаушының өзіндік жұмысы	10	
4	Аралық бақылау	1	
5	Қорытынды бақылау	1	
6	Курстан кейінгі бағыттау		
Барлығы		72	

6.2. Дәріс курсы

№	Дәріс тақырыптарының атауы	Тақырыптардың мазмұны	Сағаттағы көлем	Ескерту
1	Нормативтік-құқықтық модуль			
1.1	Мектепке дейінгі арнайы тәрбиелеу және оқыту саласындағы халықаралық және		2	

	отандық нормативтік-құқықтық база			
2	Психологиялық– педагогикалық модуль			
2.1	Мектепке дейінгі арнайы педагогиканың жалпы мәселелері		2	
2.2	Түзету-педагогикалық үрдісті ұйымдастыруға және оның мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		4	
3	Мазмұндық модуль			
3.1	Зият бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту		2	
3.2	Психикалық дамудың тежелісі бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту		2	
3.3	Есту қабілеті бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту		2	
3.4	Көру қабілеті бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту		2	
3.5	Сөйлеу тілі бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту		2	
3.6	Тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту		2	
3.7	Эмоционалдық дамуында бұзылысы (аутизмі) бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту		2	

3.8	Мінез-құлық пен іс-әрекет бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту		2	
3.9	Күрделі бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту		2	
3.10	Курсанттардың оқу жетістіктері диагностикасы		2	
4	Технологиялық модуль			
4.1	ПМПК қорытындысы бар баланың мектепке дейінгі мекемеде ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және психологиялық-педагогикалық көмек бағыттарын белгілеу		6	
4.2	Курсанттардың оқу және практикалық жетістіктерін бағалау		4	
	Вариативті модуль			
5.1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік бағдарламалары		6	
Барлығы			44	

6.3. Практикалық сабақтар (Workshop)

№ тақырыптар	Сабақ тақырыптарын ың атауы	Тақырыптардың мазмұны	Сағатт ағы көлемі	Ескерту
Тақырып 1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды зерттеу әдістері		2	

Тақырып 2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған түзету жұмыстары		2	
Тақырып 3	Зият бұзылысы бар балаларды тәрбиелеу, оқыту және оңалту жүйесі		2	
Тақырып 4	Психикалық дамудың тежелісі бар мектепке дейінгі жастағы балаларға көмектің ұйымдастырыл атын формалары		1	
Тақырып 5	Есту қабілеті бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларға түзету көмегін ұйымдастыру		1	
Тақырып 6	Сенсорлық тәрбиелеу есту қабілеті бұзылысы бар балаларды әлеуметтік бейімдеудің құралы ретінде		2	
Тақырып 7	Церебралды салдану кезіндегі түзете-дамыту жұмысының әдістері		2	

Тақырып 8	Эмоционалдық дамуында бұзылысы бар ерте жастағы баланың отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау		2	
Тақырып 9	Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысы бар баланың мектепке дейінгі мекемеде ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және психологиялық-педагогикалық көмек бағыттарын белгілеу		2	
Барлығы			16	

6.4. Зертханалық жұмыс

Зертханалық жұмыс қарастырылмаған.

6.5 Тыңдаушының өзіндік жұмысы

№№ п.п.	Тақырыптардың атауы және тапсырмалардың мазмұны	Бақылау нысандары	Сағат- тағы көлемі	Ескерту
1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған түзету жұмыстар жүйесін ұйымдастыру		2	
2	Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысы бар баланың		2	

	мектепке дейінгі мекемеде ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және психологиялық-педагогикалық көмек бағыттарын белгілеу			
3	Психикалық дамудың тежелісін басқа ұқсас бұзылыстардан ажырату бойынша тексеру		2	
4	Балалардың есту қабілетін тексеру әдістері		2	
5	Эмоционалдық дамуында бұзылысы бар ерте жастағы баланың отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау		2	
	Қорытынды:		10	

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

7.1. Дәріс жазбалары

Тақырып 1. Мектепке дейінгі арнайы оқыту мен тәрбиелеу саласындағы халықаралық және отандық нормативтік-құқықтық база

Дәріс жоспары

Мектепке дейінгі арнайы оқыту мен тәрбиелеу саласындағы халықаралық және отандық нормативтік-құқықтық база: «арнайы білім беру» ұғымын неғұрлым әділ, кемсітпейтін қоғамның негізі ретінде замануи тұрғыдан түсіндіру; арнайы білім берудің халықаралық құқықтық негіздері: БҰҰ конвенциялары, 1994 жылғы Саламан декларациясы және т. б.

Отандық нормативтік құқықтық негіз: ҚР Конституциясы, ҚР Заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», мектепке дейінгі арнайы оқыту және тәрбиелеу ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, мектепке дейінгі арнайы оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарында арнайы психологиялық-педагогикалық көмек қағидалары.

Басқа да өзекті нормативтік құжаттар.

Тақырып 2. Мектепке дейінгі арнайы педагогиканың жалпы мәселелері

Дәріс жоспары

Мектепке дейінгі арнайы педагогиканың пәні. Мектепке дейінгі арнайы педагогиканың мақсаты. Мектепке дейінгі арнайы педагогиканың міндеттері. Мектепке дейінгі арнайы педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы.

Тақырып 3. Түзету-педагогикалық үрдісті ұйымдастыруға және оның мазмұнына қойылатын жалпы талаптар

Дәріс жоспары

Арнайы білім баланың әлеуметтік-тарихи тәжірибені игеруінің шарты ретінде. Түзету-педагогикалық үрдіс принциптері. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды зерттеу әдістері. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған түзету жұмыстарының жүйесі. Балалық шақтың әртүрлі кезеңдерінде ересектердің балалармен өзара әрекеттесуінің мазмұны мен сипаты. Пәндік-дамытушылық орта, материалдық-техникалық шарттар және педагогикалық кадрлар. Мектепке дейінгі арнайы педагогиканың дамуының перспективалық бағыттары.

Тақырып 4. Зият бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту

Дәріс жоспары

Зият бұзылысы кезіндегі бұзылыстар сипаттамасы. Мектепке дейінгі олигофренопедагогика мектепке дейінгі арнайы педагогиканың саласы ретінде. Зият бұзылысы бар балаларды тәрбиелеу, оқыту және оңалту жүйесі.

Тақырып 5. Психикалық дамудың тежелісі бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту

Дәріс жоспары

Балаларда психикалық дамудың тежелісі кезіндегі бұзылыстар сипаттамасы. Психикалық дамудың тежелісі бар балаларға көмек көрсету кезеңдері. Балаларда психикалық дамудың тежелісінің пайда болу себептерін зерттеу. Психикалық даму тежелісінің классификациясы. Психикалық дамудың тежелісін басқа ұқсас бұзылыстардан ажырату бойынша тексеру. Психикалық дамудың тежелісі бар ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың білім алу қажеттіліктерінің спецификасы. Психикалық дамудың тежелісі бар мектепке дейінгі жастағы балаларға көмектің ұйымдастырылатын формалары. Психикалық дамудың тежелісі бар балаларды тәрбиелеу мен оқытудың түзете-дамытушылық бағыттылығы. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру. Интеграцияланған тәрбиелеу және оқыту.

Тақырып 6. Есту қабілеті бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту

Дәріс жоспары

Есту қабілеті бұзылысы бар балалардың сипаттамасы. Есту қабілеті бұзылысы бар балаларды тәрбиелеу және оқыту міндеттері және принциптері. Есту қабілеті бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балалармен жүргізілетін түзету-педагогикалық жұмыстың мазмұны. Балалардың есту қабілетін тексеру әдістерінің сипаттамасы. Есту қабілеті бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларға түзету көмегін ұйымдастыру.

Тақырып 7. Көру қабілеті бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту

Дәріс жоспары

Балалардағы көру бұзылыстарының сипаттамасы. Көру қабілеті бұзылысы бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу жүйесі. Көру қабілеті бұзылысы бар балаларды тәрбиелеу және оқыту шарттары. Көру қабілеті бұзылысы бар балаларға арналған балабақшадағы түзету жұмысының негізгі принциптері. Көру қабілеті бұзылысы бар балаларға арналған балабақшадағы оқыту мен тәрбиелеу мазмұны. Арнайы түзету сабақтарының мазмұны. Сенсорлық тәрбиелеу есту қабілеті бұзылысы бар балаларды әлеуметтік бейімдеудің құралы ретінде. Психологиялық-педагогикалық түзетудің көру қабілетін емдеумен өзара байланысы.

Тақырып 8. Сөйлеу тілі бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту

Дәріс жоспары

Логопедияның ғылыми-әдістемелік аспектілері. Сөйлеу тілі бұзылыстарының себептері. Сөйлеу тілі бұзылыстарының классификациясы. Логопедиялық көмек жүйесі. Сөйлеу тілі бұзылысы бар балаларды тәрбиелеу міндеттері және принциптері.

Тақырып 9. Тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту

Дәріс жоспары

Тірек-қимыл аппараты бұзылыстарының жалпы сипаттамасы. Церебралды салдану. Церебралды салдану кезіндегі қимыл-қозғалыс бұзылыстары. Церебралды салдану кезіндегі психика бұзылыстары. Церебралды салдану кезіндегі сөйлеу тілі бұзылыстары. Церебралды салдану классификациясы. Церебралды салдану кезіндегі түзете-дамыту жұмысы.

Тақырып 10. Эмоционалдық дамуында бұзылысы (аутизмі) бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту

Дәріс жоспары

Аутизмі бар балалардың ерте даму кезеңіндегі ерекшеліктері туралы түсінік. Эмоционалдық дамуында бұзылысы бар ерте жастағы баланың отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау.

Тақырып 11. Мінез-құлық пен іс-әрекет бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту

Дәріс жоспары

Әлеуметтік бағдарланудың бұзылысы. Өзін-өзі теріс таныту. Отбасылық оқшаулану. Созылмалы сәтсіздік. Іс-әрекеттен бас тарту. Вербализм.

Тақырып 12. Күрделі бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту

Дәріс жоспары

Балалардың дамуындағы күрделі бұзылыстардың этиологиясы. Балалардың дамуындағы күрделі бұзылыстардың классификациясы. Күрделі бұзылыстары бар балаларды отбасында тәрбиелеу мәселелері. Күрделі бұзылыстары бар баланы мектепке дейінгі арнайы тәрбиелеу міндеттері.

Тақырып 13. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысы бар баланың мектепке дейінгі мекемеде ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және психологиялық-педагогикалық көмек бағыттарын белгілеу.

Дәріс жоспары

ПМПК қорытындысы бар баланың мектепке дейінгі мекемеде ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және психологиялық-педагогикалық көмек бағыттарын белгілеу: қажеттіліктерді бағалаудағы командалық тәсіл. Функционалдылықты тәрбиеші, ата-ана, психологиялық-педагогикалық көмек қызметінің мамандары арасында бөлу. ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары бар баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау алгоритмі. Құжаттаманы талдау.

Тақырып 13. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік бағдарламалары.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Көру қабілеті бұзылған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Есту қабілеті бұзылған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Зерде бұзылысы бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Дамуында күрделі бұзылыстары бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Аутизмі бар балаларға арналған арнайы дамыту бағдарламасы.

7.2. Практикалық сабақтар

Тақырып 1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды зерттеу әдістері

Практикалық сабақ жоспары

1. Осы тақырып бойынша салыстыру кестесін жасаңыз.
2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды зерттеу әдістерін

сипаттаңыз.

Әдістемелік нұсқаулар: жоғарыда аталған сұрақтарға толық жауап беріңіз.

Тақырып 2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған түзету жұмыстары

Практикалық сабақ жоспары

1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен іс-әрекетті ұйымдастырудың ерекшеліктері.

2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған түзету жұмыстарын талдаңыз.

Әдістемелік нұсқаулар: жоғарыда аталған сұрақтарға толық жауап беріңіз.

Тақырып 3. Зият бұзылысы бар балаларды тәрбиелеу, оқыту және оңалту жүйесі.

Практикалық сабақ жоспары

Зият бұзылысы бар балаларды тәрбиелеу, оқыту және оңалту жүйесін талдаңыз.

Әдістемелік нұсқаулар: жоғарыда аталған сұрақтарға толық жауап беріңіз.

Тақырып 4. Психикалық дамудың тежелісі бар мектепке дейінгі жастағы балаларға ұйымдастырылатын көмектің формалары

Практикалық сабақ жоспары

1. Психикалық дамудың тежелісі бар мектепке дейінгі жастағы балалар топтарын салыстыру.

2. Психикалық дамудың тежелісі бар мектепке дейінгі жастағы балаларға ұйымдастырылатын көмектің формалары талдау.

Әдістемелік нұсқаулар: жоғарыда аталған сұрақтарға толық жауап беріңіз.

Тақырып 5. Есту қабілеті бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларға түзету көмегін ұйымдастыру

Практикалық сабақ жоспары

1. «Есту қабілеті бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларға түзету көмегін ұйымдастыру» жадынамасын жасау.

2. Есту қабілеті бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларға түзету көмегін ұйымдастыру мысалында арнайы жабдықты қолдана отырып, жеке сабақтардың жоспарын жасаңыз.

Әдістемелік нұсқаулар: жоғарыда аталған сұрақтарға толық жауап беріңіз.

Тақырып 6. Сенсорлық тәрбиелеу есту қабілеті бұзылысы бар балаларды әлеуметтік бейімдеудің құралы ретінде

Практикалық сабақ жоспары

Сенсорлық тәрбиелеуді есту қабілеті бұзылысы бар балаларды әлеуметтік бейімдеудің құралы ретінде тұжырымдаңыз, ұсыныстар жасаңыз.

Әдістемелік нұсқаулар: жоғарыда аталған сұрақтарға толық жауап беріңіз.

Тақырып 7. Церебралды салдану кезіндегі түзете-дамыту жұмысының әдістері

Практикалық сабақ жоспары

Церебралды салдануы бар 2 балаға түзету бағдарламасын жасаңыз.

Әдістемелік нұсқаулар: жоғарыда аталған сұрақтарға толық жауап беріңіз.

Тақырып 8. Эмоционалдық дамуында бұзылысы бар ерте жастағы баланың отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау

Практикалық сабақ жоспары

1. Эмоционалдық дамуында бұзылысы бар ерте жастағы баланың отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын жасаңыз.

2. Бағдарламаны іске асырудың табыстылығына мониторинг жүргізу.

Әдістемелік нұсқаулар: жоғарыда аталған сұрақтарға толық жауап беріңіз.

Тақырып 9. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысы бар баланың мектепке дейінгі мекемеде ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және психологиялық-педагогикалық көмек бағыттарын белгілеу

Практикалық сабақ жоспары

1. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысы бар баланың мектепке дейінгі мекемеде ерекше білім беру қажеттіліктерін сипаттаңыз.

2. Психологиялық-педагогикалық көмек бағыттарын белгілеңіз.

Әдістемелік нұсқаулар: жоғарыда аталған сұрақтарға толық жауап беріңіз.

7.3. Тыңдаушының өзіндік жұмысы

Тапсырмалар, жаттығулар жинағынан мысалдарды шешіңіз;
Проблемалық жағдайларды талдау;
Арнайы білім беру бойынша тренингтерге, семинарларға қатысу;
Кейстерді зерттеу.

Осы тақырыпты өз бетінше зерттеуге арналған әдебиеттер (1,2,3, 17 және т.б..)

Оқу-көрнекі құралдар: плакаттар, сызбалар, суреттер, фотосуреттер, сызбалар, графиктер, кестелер, диаграммалар және т. б.

7.4 Өзін-өзі бақылауға арналған материалдар (тесттер және т. б.)

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, экспресс-сауалнамалар, қорытынды тестілеу, сондай-ақ аралас оқыту режимінде курс үшін аралық тестілеу жүргізіледі.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы бағдарламаның мазмұнын бағалау критерийлері мен меңгеру параметрлерін әзірлейді.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу қашықтықтан кеңес беру, онлайн-форумдар, тәжірибе алмасу түрінде жүзеге асырылады.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің мақсаты-курстан кейінгі кезеңде кәсіби құзыреттілікті дамытудың жеке траекториясын құру мен іске асыруда педагогтарға әдістемелік және консультациялық қолдау көрсету.

Курстан кейінгі сүйемелдеу міндеттері:

- біліктілікті арттырудың курстық және курстан кейінгі кезеңдерінің сабақтастығын қамтамасыз ету;
- қашықтықтан оқыту форматында біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтердің сұрауы бойынша консультациялық қызметті жүзеге асыру
- курстан кейінгі кезеңде тәжірибе алмасу және өзіндік жұмыс нәтижелерін талдау бойынша онлайн-форум өткізу.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Саламанская декларация «О принципах политики и практической деятельности в сфере образования лиц с особыми потребностями» 1995 г.
2. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы, 6-қосымша.\
3. Абаева Ғ.Ә. Арнайы педагогика: Оқу құралы/ Ғ.Ә.Абаева, 2021 – 291 бет.
4. Абаева Ғ.А., Мукажанова Э.Т. Арнайы педагогика және психология негіздері. Электронды құрал. 2012.
5. Стребелева Е.А. Специальная дошкольная педагогика: Учебное пособие / Е.А. Стребелева, А. Л. Венгер, Е. А.Екжанова и др.; Под ред. Е. А. Стребелевой. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 312 с.
6. Жубакова, С. С. Теория и практика инклюзивного образования [Текст]: учеб. пособие / С. С. Жубакова. - Алматы : Эверо, 2017. - 148 с.
7. <http://www.edu.kz> - официальный сайт Министерства образования и науки РК.
8. <http://www.special—edu.kz> - сайт Национального научно-практического центра коррекционной педагогики (ННПЦ КП).
9. <http://www.special—edu.ru> - сайт Института коррекционной педагогики РАО.

Қосымша әдебиеттер:

1. Өмірбекова Қ.Қ. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (IV деңгей) балалармен логопедиялық жұмыс ұйымдастыру. – Алматы: 2015.– 72 бет
2. Ибатова Г.Б. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған III деңгейдегі балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру: Әдістемелік ұсынымдар. –Алматы, 2014. 70 бет.
3. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік дамуын тексеру әдістері/кұраст.: Тасжурекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Тулебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. – Алматы ТП ҰҒПО, 2019. – 60 б.
4. Основы специальной психологии и педагогики [Электронный ресурс]: электронное учебное пособие/ сост. О. А. Дураченко ; Новосиб. гос. пед. ун-т, Ин-т открытого дистанционного образования. - Новосибирск: НГПУ, 2015.- 180 Мб- Доступна эл. версия в ЭБ НГПУ.- Режим доступа: <https://lib.nspu.ru/views/library/60972/web.php>.- ISBN 978-5-00023-803-5.

5. Пискун О.Ю. Воспитание и обучение детей с расстройствами эмоционально-волевой сферы и поведения [Электронный ресурс] : коррекционно-педагогические системы воспитания и обучения детей дошкольного возраста : учебно-методический комплекс / О. Ю. Пискун ; Новосиб. гос. пед. ун-т, Фак. педагогики и психологии детства, Каф. общей и специальной психологии. - Новосибирск : НГПУ, 2004. - 1658 КБ - Доступна эл. версия в ЭБ НГПУ. - Режим доступа: <http://lib.nspu.ru/file/library/191075/a229daa4ff1a77f4.pdf>.

6. Бодрова И.С. Методика развития речи дошкольников с нарушениями слуха [Электронный ресурс]: учебно-методический комплекс/ И. С. Бодрова ; Новосиб. гос. пед. ун-т, Фак. педагогики и психологии детства, Каф. общей и специальной психологии. - Новосибирск: НГПУ, 2012.- 227 с.- Доступна эл. версия в ЭБ НГПУ. - Режим доступа: <https://lib.nspu.ru/views/library/2794/read.php>

7. Екжанова Е.А., Стребелева Е.А. Системный подход к разработке программы коррекционно-развивающего обучения детей с нарушением интеллекта// Дефектология. – 2000. - №3.

8. Екжанова Е.А., Стребелева Е.А. Организация коррекционно-развивающего процесса в условиях специализированного учреждения для детей с нарушением интеллекта// Дефектология. – 2000 - №3.

9. Головчиц Л.А. Дошкольная сурдопедагогика: воспитание и обучение дошкольников с нарушениями слуха : учебное пособие для вузов по специальности "Сурдопедагогика", "Дошкольная сурдопедагогика", "Специальная дошкольная педагогика и психология", "Специальная (коррекционная) дошкольная педагогика" : доп. УМО вузов РФ / Л. А. Головчиц. - Москва : ВЛАДОС, 2010. - 319 с. - (Коррекционная педагогика). - Словарь: с. 316-319. - ISBN 978-5-691-00620-3.

10. Головчиц Л.А. Дошкольная сурдопедагогика: Воспитание и обучение дошкольников с нарушениями слуха: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - Москва: Гуманит. изд. центр «ВЛАДОС», 2001. 304